

Келісемін:
«Жангелдин ауданының
білім беру бөлімі» ММ
бастығының м.а.
М.Р.Зайнуллин



Берілді:
2023 жылдың 31 тамызындағы
педагогикалық кеңесінің шешіміне
сәйкес педагогикалық кеңес төрағасы
Т.Ж.Жасынқов



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім
беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2023-2024 оқу жылына арналған, қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін
бастауыш, негізгі орта, орта білім берудің жұмыс оқу жоспары

10-11 сыныптар (жаратылыстану-математикалық бағыт)

Шеген, 2023 жыл

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы
білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жұмыс оқу жоспарына
түсінік хаты**

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспарын құруда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің № 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен негізге алынды.

Биылғы оқу жылы білім берудің негізгі үрдісі білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету және 2022-2023 оқу жылдарындағы білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылына арналған оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарының меңгерілуін қамтамасыз етуге негізделген. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы) өзгерістерімен, (ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365 бұйрығымен 30.09.2022ж №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен сәйкес жүргізіледі (өзгерістер мен толықтырулармен) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы «18» тамыздағы № 264 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 1-қосымша бойынша, 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «12» тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымша, 10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы «30» қыркүйектегі № 412 бұйрығына 39-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86 –қосымшасы бойынша жүргізіледі.

Бүгінгі таңда мектептің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі - қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазақстан

Республикасының әлемдік өркеннетке кіруіне қатысты білім беру саласына қойылып отырған заман талабы-шығармашылықпен жұмыс істей алатын, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеп қалыптастыру. Мектеп компоненті оқушылардың тілге деген қызығушылықтарын ояту, білім қорын жетілдіру, бастауыш сыныптарда баланың рухани құндылықтарын байытуға бағытталған.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының бастауыш сыныптар сатысында инварианттық компонентінде «Әліппе» I жарты жылдықта, «Ана тілі» II жарты жылдықта өтеді. Шетел тілі ағылшын тілі пәні өткізіледі. Орыс тілі пәні 2-4 сыныптарда өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының вариативтік компонентіне 1-4 сыныптарда белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар енгізілді: 1 сынып үшін: «Математика күнделікті өмірде» курсы білім алушылардың бойында теориялық білімдерін күнделікті өмірмен нақты, практикалық әрекеттер, ойындар, саяхаттау әрекеттері арқылы байланыстыра отырып, білімдерін өмірде пайдалана білу жағдаяттарына төселдіреді, үнемділік, еңбекқорлық, адамзат еңбегін құрметтеу сияқты адами қасиеттерге баулиды.

2 сынып үшін: «Қызықты математика» (ISBN 978-601-303-22-14), мақсаты: логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыруға, математика пәніне қызығушылықтарын арттыру. Күтілетін нәтиже: логикалық ойлау қабілеттерін дамыған, ауызша есептеу дағдыларын қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

2 сынып үшін: «Математика және экология» курсы білім алушыларды математика мен экологияны байланыстыра отырып, табиғатқа, адамзат баласына жанашырлықпен қарауға, үнемшілдікке, жауапкершілікке дағдыландырады.

3 сынып үшін: «Happy English» курсы білім алушылардың ақпараттық құралдарды пайдалана отырып, оқушының шет тіліндегі алған білімін тереңдету және жүйелеу, оқушының тілдік аспектілерге қатысты оқу, сөйлеу, жазу дағдыларын жетілдірумен қатар, өз бетінше шығармашыл ойлауға баулу.

4 сынып үшін: «English by heart» курсы білім алушылардың ағылшын тілін оқытудың маңызы мен ерекшелігі – оқушыда оқу мен жазу дағдысының негізін қалау, оқушыларды сөйлемді түсінікті, мәтінді мәнерлі оқуға үйрету, сөйлеу тілін дамыту. Ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті даму біліктілігін, оқушылардың қызығушылығын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

"Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта

сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының негізгі сыныптар сатысында инварианттық компонентінде шетел тілі ағылшын тілі пәні өткізіледі.

2023-2024 оқу жылында үлгілі оқу жоспарының вариативтік компонентіне

5-11 сыныптардағы «Жаһандық құзыреттер» курсы жүргізіледі.

Жаһандық құзыреттер жаһанданудың қарқын мен дамып келе жатқан ықпалына, жедел әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістерге, сондай-ақ адамдарға, мәдениет пен ұлттарға жаппай әсер ететін басқа да маңызды жаһандық мәселелерге байланысты ерекше мәнге ие болады. Курс жаһандық азаматтық құзыреттіліктеріне ие бәсекеге қабілетті тұлғаны, жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін түсінуді, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әр түрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Курстың мазмұны зерттеу дағдыларын дамытуды және қажетті өзекті ақпаратты іздеуді, сыни ойлау мен рефлексияны, коммуникативтік құзыреттілікті қамтиды. Курстың белгіленген мақсаттары мен міндеттері орта білім беру мазмұнымен сабақтастықпен өзара байланысты көздейді, оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде тәрбиелік контентті ікелейтеді.

«Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасының оқу жүктемесінің көлемі мыналарды құрайды:

5-8-сыныптарда-0,5 сағат (екі аптада бір рет), оқу жылында 17 сағат

9-сыныпта-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат

10-11 сыныптарда-аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

0,5 сағат жүктемесі бар курс екі аптада 1 рет өткізіледі.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған

«Жаһандық құзыреттер» курсы

Курстың мақсаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. 5-8 сыныптарда курс бес бірлікті қамтиды: «Парасаттылық және этика», «Азаматтық және патриотизм», «Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық», «Тіршілік қауіпсіздігі», «Экологиялық мәдениет», 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану» юниті қосымша енгізілді. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-сыныбына арналған «Жаһандық құзыреттер» жалпылама курсы. Курстың мақсаты: білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығымен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әр түрлі көзқарастармен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру. Оқу курсы мазмұнының бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып әзірленген бес бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімде білім алушылар жаһандық мәселелер, мәдениетаралық қатынастар, әлеуметтік қатынастардың әр түрлі модельдерінің маңыздылығы

туралы білімдерін тереңдетеді, жобалық жұмыстың тақырыптарымен максаттарын, қажетті ақпарат көздерініздеу, ақпаратты талдау және жинау әдістерін анықтайды. Білім алушылар жоба нәтижелерін бағалау рәсімдері мен критерийлерін белгілейді.

Екінші бөлімінде «Жергілікті, жаһандық және мәдени маңызы бар кейбір мәселелердіз ерделеу» бойынша білімалушыларға зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін тақырыпты таңдауда еркіндік беріледі, халықаралық және жергілікті көздерге шолу жасалады.

Үшінші бөлімінде «Әр түрлі дүниетанымдар мен көзқарастарды түсінужәнеқұрметтеу»бойыншакіретінтақырыптар:«Дүниетанымдытүсіну», «Басқа адамның көзқарасын қабылдау қабілеті»,«Басқа мәдениеттерд ұстанатын адамдарға құрмет»,«Толеранттылық:бір-бірімізді түсінуді үйрену»,«Жобалықжұмыс.Зерттеу».

Төртіншібөлім«Білімалушылардың мәдениеттері арасындағы ашық және өзара тиімді әрекеттерге қатысу» білімалушылардың өзіндік ерекшелігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігін түсінуін қалыптастыруға, әр түрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға, мәдениет аралық коммуникация дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пент ұрақты дамудың маңыздылығына, жергілікті, ұлттық және жаһандық бастамаларға белсенді қатысу қажеттілігіне арналған.

11-сыныпқа арналған«Жаһандық құзыреттер» курсы «Бизнес және кәсіпкерлік негіздері»және«Қаржылық сауаттылық»екіюнитінентұрады. 10-11- сыныптарда «Жаһандық құзыреттер» курсының мазмұны білімалушыларда пән саласына қатыстыдағдыларды(hardskills), әлеуметтендіру дағдыларын (soft skills), өздігінен білім алу және үздіксіз білім алу дағдыларын (selfskills) қалыптастырудың жүйелі процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жалпы, «Жаһандық құзыреттерді»оқыту шеңберінде орта білім беретін5-11-сыныптарда білім алушылар жаһандық оқиғаларды, олардың себептері менсалдарын, әртүрлі процестер мен құбылыстарды аналитикалық бағалау, оларды басқа адамдардың ұлттық-мәдени құндылықтарымен дұрыс байланыстыру,өзіндік және топтық жұмыс, педагог-тәлімгердің қолдауымен өз оқыту процесін басқару,маңызды проблемаларды жеке,өңірлік/ұлттық және жаһандық тұрғыдан қарау, олардың өзара байланысын түсіну, қол жетімді ақпаратты сынибағалау,өзұстанымынталқылаужәнедәлелдеу,сыртқыәлемменбелсендіөз араіс-қимыл, жеке өсу перспективаларын, өз елінің дамуы мен оның жетістіктерінежекеқатысуын көрудағдыларын меңгереді.

"Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір

қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жалпы орта білім беру мектептерінің 10-сыныптарында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу бағдарламасына енгізілген «ӨҚН» бөлімі (12 сағат) оқытылады.

Жалпы орта білім беру мектептерінің 11-сыныптарында «Технологиялық дайындық» бөлімі (34 сағат) оқытылады, онда автокөлік құралдарының қозғалысы мен қауіпсіз жүру ережелерін зерделеу қарастырылған.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Бұл курс тақырыптарын мұғалім өз сыныбындағы білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін, білім деңгейлерін ескеріп, тандап алуы тиіс. Соған сәйкес мұғалім өзі тандап алған курстың оқу бағдарламасын жасайды және ол мектептің әдістемелік бірлестік отырысында талқыланып, нәтижесінде педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілуі тиіс. Курс мазмұны білім алушылардың метапәндік құзыреттіліктерін (ғылыми-танымдық, мәдени-әлеуметтік, тілдік-коммуникативтік, ақпараттық-технологиялық) дамытуға бағдарланған заманауи білім беру технологияларымен ресурстарын ұтымды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарының жалпы сыныптар сатысында инварианттық компонентінде шетел тілі ағылшын тілі пәні өткізіледі.

10 сыныптар үшін элективті курстан «Қазақтың дәстүрлі тұрмыс-тіршілік салты» курсына 1 сағат берілді.

Мақсаты: Қазақ халқының салт дәстүрі мен әдет-ғұрпын оқушылардың бойына сіңіру, ұлттық мақтаныш сезімдерін ояту, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу, өз отбасына, халқына, ұлтына, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Күтілетін нәтиже: Халқымыздың әдет – ғұрып пен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, халқын сүйетін, еліне адал қызмет ететін, тілінің, салт-дәстүрінің жанашыры болатын жеке тұлға қалыптасады.

«Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздері» курсына 1 сағат берілді.

Мақсаты: Қазақ халқының мол қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Оқушыларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой өрісін дамыту, адамгершілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Қазақтың қолөнері - өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән-мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалтпай, әрі қарай дамытып, ел арасында сиреп бара жатқан қолөнер шеберлерінің туындыларын, көне мұраларын тауып, оны түрлендіріп жаңғырту және

ұлттық қолөнер арқылы эстетикалық тәрбие берудің бірден-бір құралына айналдыру.

11 сыныптар үшін элективті курстан «Елтану» курсына 1 сағат берілді. Мақсаты: оқушыларға географиялық білім беру, оларды табиғат ресурстарын үнемі пайдалануға, қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық проблемаларды шешуге, сондай-ақ алған білімдерін күнделікті өмірді қолдана білуге үйрету. Теориялық алған білімдерін практикалық түрде дәлелдей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың дүние жүзі елдерін тану, географиялық орны, жер аумағы, жер бедері, қазба байлықтары, шаруашылығы, экономикасы, мемлекеттік құрылысы, әлемдегі алатын орнын танып білуі үшін жұмыс жүргізеді.

«Әлемдік озық мәдениеттің жауһарлары» курсына 1 сағат бөлінді.

Мақсаты: Оқушылардың рухани адамгершілік, мәдени құндылықтар болмысын байытып, жалпы мәдени құндылықтардың маңыздылығын арттыру, мәдени ерекшеліктерді түсіндіру.

Күтілетін нәтиже: қазіргі мәдениеттанудың негізгі ұғымдары, категориялары және қағидаттарымен, әлемдік мәдениеттер және өркениеттердің басты құндылықтарымен, Қазақстан мәдениетіндегі тарихи және заманауи үдерістермен таныса алады.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған
бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы
білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі» қазақ
тілінде білім беретін бастауыш саты бойынша оқу жоспары.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны				Жалпы жүктеме, сағат	
		1	2	3	4	апталық	жылдық
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	6	9	11	11	37	1252
1	Әліппе, Ана тілі	6	-	-	-	6	198
2	Қазақ тілі	-	4	4	4	12	408
3	Әдебиеттік оқу	-	3	3	3	9	306
4	Орыс тілі		2	2	2	6	204
5	Шетел тілі			2	2	4	136
	Математика және информатика	4,5	5	6	6	21,5	726,5
6	Математика	4	4	5	5	18	608
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	1	1	1	3,5	118,5
	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
8	Жаратылыстану	1	1	2	2	6	203
	Адам және қоғам	1	1	1	1	4	135
9	Дүниетану	1	1	1	1	4	135
	Технология және өнер	3	3	2	2	10	337
10	Музыка	1	1	1	1	4	135
11	Көркем еңбек			1	1	2	68
12	Еңбекке баулу	1	1			2	67
13	Бейнелеу өнері	1	1			2	67
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	12	405
Инварианттық оқу жүктемесі		18,5	22	25	25	90,5	3058,5
Вариативтік компонент							
Белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар		1	2	1	1	5	169
«Математика күнделікті өмірде»		1				1	33
«Қызықты математика»			1			1	34
«Математика және экология»			1			1	34
Happy English				1		1	34
English by heart					1	1	34
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19,5	24	26	26	95,5	3227,5

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-нің қазақ тілінде білім беретін негізгі саты бойынша оқу жоспары.

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны					Жалпы жүктеме, сағат	
		5	6	7	8	9	апталық	жылдық
Инварианттық компонент								
	Тіл және әдебиет	11	11	11	11	11	55	1870
1	Қазақ тілі	3	3	3	2	2	13	442
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	3	3	12	408
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	15	510
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	15	510
	Математика және информатика	6	6	6	6	6	30	1020
5	Математика	5	5	-	-	-	10	340
6	Алгебра	-	-	3	3	3	9	306
7	Геометрия	-	-	2	2	2	6	204
8	Информатика	1	1	1	1	1	5	170
	Жаратылыстану	2	2	7	8	8	27	918
9	Жаратылыстану	2	2	-	-	-	4	136
10	Физика	-	-	2	2	2	6	204
1	Химия	-	-	1	2	2	5	170
2	Биология	-	-	2	2	2	6	204
3	География	-	-	2	2	2	6	204
	Адам және қоғам	3	3	3	3	4	16	544
4	Қазақстан тарихы	2	2	2	2	2	10	340
5	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	1	1	5	170
6	Құқық негіздері	-	-	-	-	1	1	34
	Технология және өнер	3	3	1	1	1	9	306
7	Музыка	1	1	-	-	-	2	68
8	Көркем еңбек	2	2	1	1	1	7	238
	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
9	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	15	510
Инварианттық оқу жүктемесі		28	28	31	32	33	152	5168

Вариативтік компонент							
Қауыпдылық құзыреттілік	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3	102
«Жаңандық құзыреттер»	0,5					0,5	17
«Жаңандық құзыреттер»		0,5				0,5	17
«Жаңандық құзыреттер»			0,5			0,5	17
«Жаңандық құзыреттер»				0,5		0,5	17
«Жаңандық құзыреттер»					1	1	34
Жаңарты оқу жүктемесі	28,5	28,5	31,5	32,5	34	155	5270

**Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты
бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары**

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы
білім бөлімінің Аманкелді атындағы жалпы білім беретін
мектебі» КММ-нің қазақ тілінде білім беретін жалпы орта саты бойынша
оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инвариантний компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ баста- малары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
«Жаһандық құзыреттер»		1		1	34
«Жаһандық құзыреттер»			1	1	34
Элективті курстар		2	2	4	136
«Қазақтың дәстүрлі тұрмыс- тіршілік салты »		1		2	68
«Елтану»			1	1	34
«Қазақ қолөнерінің мәдени-тарихи негіздері »		1		1	34

«Әлемдік озық мәдениеттің жауһарлары»		1		
Вариативтік оқу жүктемесі	3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	35	35	70	2380